

С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінен құралған

Нұра ЖББ мектебінің «Жас домбырашылар» үйірмесінің

2023-2024 оқу жылдарының I жарты жылдық

мәтіндік есебі

Нұра ЖББ мектебі «Жас домбырашылар» үйірмесінің атқарған жұмыстары.

Домбыра-қазақ халқының ертеден келе жатқан қос ішекті музикалық аспабы.

Домбыра аспабының дәстүрлі ұлгілерін халықтың дәстүріндегі перне байлау, домбыра баптау, күй ойнау, домбыра жасау С.Сарыбайев, Б Орынбеков, Т Әсемқұлов, А Сейдімбек, Д Шоқпарұлы т.б еңбектерін кездестіреміз. Домбыра құрлымдық сапалық дәрежесінің кемел деңгейге жету барысында бүтінге дейін бірнеше сатыдан өтті.

Жас домбырашылар үйірмесінің ұраны Нагыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра!

1.Үйірменің мақсаты:

Оқушыларға домбыра аспабын ойнау шеберлігін кәсіби дұрыс менгерту, қазақ халқының ұлы күйшілерінің, сал серілердің өнерлерімен танысу. Домбырада қолданылатын штрихтар, әдістерді менгерту. Сахнаға шығу, өзін өзі ұстау мәдениетін үйрету.

-Ұлттық аспабымызды-домбыраны тәрбие құралы ретінде пайдаланып, сол арқылы ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттау.

-Асыл мұрамызды құрметтеуге, өнерсүйгіштікке баулу, отансүйгіш, ұлтжанды, жан-жақты дамыған жеке тұлға етіп тәрбиелеу.

-Талапкер өнерпаз қауымның домбыра тартуды менгеріп, музикалық сауаттылығын арттырып, эстетикалық талғамын өсіру;

-Ұлттымыздың болашағының жарқын болуына атсалысу;

-Еліміздің болашағы - жастардың өздеріне деген сенімдерін нығайту;

-Мәдениеттану, өнертану мамандықтарына баулу, ұлттық өнерімізді дамыту бағытындағы мамандықтарға бейімдеу;

2.Үйірменің міндеті: Оқушыларды қазақ халқының тіліне, салт-дәстүріне, тарихына, мәдениетіне, рухани қасиеттеріне құрмет сезімін ояту. Халқына деген құрмет және мәдени мұраларын қастерлеуге бағыттау.

Нұра жалпы білім беру мектебінде үш буыннан құралған «Жас домбырашылар» кіші топтың үйірмесінің орындаудындағы туынды «Еркем-ай»-ені.

Орта буынның орындаудында халық күйі «Би» күйін және де, үлкен буынның орындаудындағы туынды халық күйі «Келіншек» күйін үйренді. Үйірменің ұйымдастырылғанына көп уақыт болмаса да, үйірменің бағыт бағдары мен мақсаты зор.

Талапқа жас буынға тәжірибелі домбырашы Алибекова Нургуль Бейсенбайқызының ұғыныкты үйретуі мен дамыту дәрістерінің нәтижесінде осындай қысқа мерзімде, белгілі бір деңгейде алғашқы мүмкіндіктерді менгеріп алғандығы куантады.

Шәкірттермен домбыра үйрену барысында



«Әсемдік әлемі» атты эстетикалық сауаттылық апталығында жүргізілетін іс-шаралар етілуде.



Республикалық «Ақберен» өнер байқауы аудандық кезеңі «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша 11-сынып оқушысы Амангелді Айшабибі 2-орын иеленді.



«Сәкен жырдың сарқылмас дариясы»атты IV аудандық Сәкен оқуларының «Басында Нілді таудың ән қалықтап» номинациясы бойынша Нұра жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Орал Каусар Сәкеннің әндерін шырқатып 3 ші орын иеленді.



25-қазан

Республика қүніне орай «Менің елім-Қазақстан»атты «Жас домбырашылар» үйірмесімен еткізілген іс-шара.

